# СӨЖ

## Дәрігерлік деонтология, семиология

# Жоспар:

1. Кіріспе

2. Негізгі бөлім:

2.1. Дәрігерлік деонтология,түсінігі

2.2. Дәрігерлік  деонтология, семиология принциптері

3. Қорытынды;

4. Пайдаланылған әдебиеттер.

**Медициналық деонтология** (греч. *deon* – парыз; «деонтология» термині соңғы жылдардағы отандық әдебиетте кеңінен колданылуда) –медициналық қызметкерлердің кәсіби міндеттерін орындау барысындағы этикалық нормалар мен қағидаттар жиынтығы.

***Медициналық этика үш негізгі бағыт бойынша тұлғаралық қарым-қатынастардың әртүрлі мәселелерін зерделейді және шешеді:***

- Дәрігер – емделуші,
- Дәрігер– емделушінің туысқандары,
- Дәрігер – медициналық қызметкер.



# «Дәрігер-емделуші» арасындағы қарым-қатынастар:



**Дәрігер емделушімен сабырлы әрі ашық жарқын сөйлесуге міндетті. Дөрекі, тұрпайы немесе тым ресми сөйлесуге тыйым салынады. Науқастарға «Сіз» деп және аты мен әкесінің атын атап сөйлескен жөн.**

**Науқастың жанында тұрып оның диагнозын, емдеу жоспарын талқылауға, өзге де науқастардың емдеу жоспарын әңгімелеуге тыйым салынады.**

**Күрделі және ауырсындыратын емшараларды бастамас бұрын дәрігеросы емшаралардың мәнін, мағынасын және қажеттілігін түсінікті түрде науқасқа түсіндіруі және тыныштандыруы қажет.**

## *«Дәрігер – емделушінің туысқандары (және жақындары)» арасындағы қарым-қатынастар:*

**Ұстамдылықты, сабырлылықты, тыныштықты және әдептілікті сақтауы қажет;**

**Күрделі науқастарды күтушілерге емшара мен манипуляцияларды дұрыс орындау тәртібін түсіндіруі тиіс;**

**Тек өз құзыреті шеңберінде сұхбаттасуы (науқастың сырқаты, болжамы жөнінде әңгімелемей, дәрігерге жолдау) тиіс;**

**Қойылған сұрақтарға сабырлы жауап беруі қажет, күрделі науқаста дұрыс күте білу ережелерін шыдамдылықпен үйретуі тиіс.**

## «Дәрігер-дәрігер» арасындағы қарым-қатынастар:

**Сұхбаттасу кезінде дөрекі сөйлесуге тыйым салынады;**

**Дәрігерлік тағайындаулар уақытында накты, накты және кәсіби орындалуы тиіс;**

**Науқастың денсаулық жағдайындағы кенеттен болған өзгерістер туралы дәрігерге жедел хабар берілуі тис;**

**Тағайындалған дәрігерлік емді қолдану барысында күмән туындаған жағдайда , науқас жоқ уақытта, сыпайы түрде, осы жөнінде дәрігермен мән-жайды талқылауы қажет.**

## «Дәрігер-медбике» арасындағы қарым-қатынастар:

- Өз ұжымдастарымен жұмыс істеу барысында дөрекілікке, тұрпайылыққа жол берілмеуі тиіс;
- Қандай да бір ескертулер, науқас болмаған уақытта, әдепті түрде айтылуы тиіс;
- Тәжірибиелері мол медбикелер жас мамандарға тәлімгерлік көмек көрсетулері қажет;
- Қиын жағдайларда бірі біріне көмектесулері тиіс.

# Төрт этикалық қағидаттар:

**қайырымдылық**

***автономия***

**әділеттілік**

***толыққанды медициналық көмек***

**Қайырымдылық қағидаты:** Қайырымдылық дегеніміз емделушіге зерек және ілтипатты көзқараспен қарау, науқас денсаулық жағайының күрделігімен барабар емдеудің оңтайлы әдістерін таңдау, емделушінің медициналық араласуға дайындығы және қабілеттілігі.

**Автономия** қағидаты әрбір емделушіге және оның шешімдеріне сыйластықпен қарауды талап етеді. Медициналық көмектің құпиялылықты, емделушінің мәдениетін, дінін, саяси және өзген де көзқарастарын сыйлау, медициналық шара қолдануларға ақпаратты келісім беру, күтуді бірлесе жоспарлау және жүзеге асыру, сонымен қатар, емделушінің өз бетімен шешім қабылдауы, немесе осы емделушінің заңды өкілінің шешім қабылдауы сынды аспектілері автономия қағидатымен байланысты.

**Әділдік қағидаты**/ зиян келтірмеу- медицина қызметкерлерінің мәртебесіне, әлеуметтік жағдайына, мамандығына және сыртқы ахуалдарға қарамастан барлық емделушілерге бірдей қарау және бәріне бірдей көмек көрсету.

**Толыққанды медициналық көмек көрсету** қағидаты кәсіби медициналық көмекті және емделушіге кәсіби көзқарасты, сапалы диагностикалау және емдеу жүргізу үшін денсаулық сақтаудың барлық мүмкіндігін қолдануды, профилактикалық шараларды және паллиативті көмек көрсетуді көздейді.

# Семиология

Семиология – аурулардың симптомдарын зерттейтін ғылым. Ауру симптомдары деген нормадан ауытқыған патологиялық жағдайларды айтады.

Симптомдар айқын және жасырын түрлері болады.

Айқын симптомдар негізгі зерттеу жүргізген кезде, ал жасырын симптомдарды аспаптық диагностика жүргізгенде анықтайды.

Кейін симптомдар жинағынан анализ, интерпретация жасап, диагнозын анықтайды.

# Қорытынды

Жалпы этика дегеніміз менің ойымша адамгершілік туралы және оның әлеуметтік мәні туралы ілім. Медициналық этика - медицина қызметкерлерінің адамгершілік қасиеттерінде көрініс табуда. Ол медицина қызметкерлерінің ерекшеліктері мен қоғамда алатын орнына байланысты мінез-құлық нормаларын реттейтін қагидалар жиынтығын қамтып, дәрігердің науқастармен және олардың туыстарымен өзара қарым-қатынасын, тән және жан тазалығын қарастырады.

*“Өзге дәрігер жөнінде жаман пікір айтпа,өйткені әркімнің сәтті де,сәтсіз де сағаттары бар.Сенің даңқыңды сөзің емес, ішің шығарсын”*

*Е.А.Вагнер*

# Пайдаланылған әдебиеттер:


1. Коммуникативтік дағдылар (М.А.Асимов, С.А. Нұрмағамбетова, Ю.В.Игнатьев)
2. http://shava.kz/
3. www.aktobegazeti.k
4. http://ikaz.kz/

# Назарларыңызға рахмет!






fppt.com